

**Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкіне және Түркі инвестициялық қорына мүшелігі туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 6 желтоқсан N 264-ІІ.

**Ескерту. Заңның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 103-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

Осы Заң Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкіне және Түркі инвестициялық қорына (бұдан әрі – халықаралық ұйымдар) мүшелігінің құқықтық шарттарын айқындайды.

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 103-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **1-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүшелігі**

1. Қазақстан Республикасы Халықаралық Валюта Қорының (бұдан әрі – ХВҚ), Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің (бұдан әрі – ХҚДБ), Халықаралық Қаржы Корпорациясының (бұдан әрі – ХҚК), Халықаралық Даму Қауымдастығының (бұдан әрі – ХДҚ), Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігінің (бұдан әрі – ИККА), Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталықтың (бұдан әрі – ИДРХО), Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің (бұдан әрі – ЕҚДБ), Азия Даму Банкінің (бұдан әрі – АДБ), Ислам Даму Банкінің (бұдан әрі – ИДБ), Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкінің (бұдан әрі – АИИБ) және Түркі инвестициялық қорының (бұдан әрі – ТИК) мүшесі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы барлық түзетулерін қоса алғанда, ХВҚ, ХҚДБ, ХҚК, ХДҚ, АИИБ келісімдерінің баптарына, ИДБ-ның Құрылтай шартына, ИККА-ны құру туралы конвенцияға және Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары

арасындағы инвестициялар саласындағы дауларды реттеу туралы конвенцияға, ЕҚДБ-ны, АДБ-ны құру туралы келісімдерге, ТИҚ-ты құру туралы келісімге қатысушы мемлекет болып табылады және тиісінше ХВҚ, ХҚДБ, ХҚК, ХДҚ, ИККА, ЕҚДБ, АДБ, АИИБ, ТИҚ Басқарушылар кеңесі қарарларының Қазақстан Республикасының осы халықаралық ұйымдарға мүшелігіне қатысты ережелері мен шарттарын қабылдады.

3. Қазақстан Республикасы ХВҚ-ның Қарыз алудың арнайы құқықтары департаментіне қатысушының барлық міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне қабылдады.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 103-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүшелігіне байланысты қаржылық өзара қатынастары**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыздар туралы тиісті келісімдердің шарттарына және қарарлардың, тиісті келісімдер баптарының, құру туралы келісімдердің, құру туралы келісімнің, конвенциялардың немесе Құрылтай шартының Қазақстан Республикасының ХҚДБ-ға, ХҚК-ға, ХДҚ-ға, ИККА-ға, ЕҚДБ-ға, АДБ-ға, ИДБ-ға, АИИБ-ға, ТИҚ-қа мүшелігіне қатысты ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арқылы қарыздар тартуға, қаржыландырудың басқа да нысандарын пайдалануға және Қазақстан Республикасының атынан осы халықаралық ұйымдарға сомалар төлеп отыруды қамтамасыз етуге уәкілетті.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ХҚДБ, ХҚК, ХДҚ, АИИБ келісімдерінің баптарына, ЕҚДБ-ны, АДБ-ны құру туралы келісімдерге және ИККА-ны құру туралы конвенцияға сәйкес Қазақстан Республикасының ХҚДБ-ға, ХҚК-ға, ХДҚ-ға, ИККА-ға, ЕҚДБ-ға, АДБ-ға, АИИБ-ға мүшелігіне қажет болуы немесе сай келуі мүмкін, басқаға берілмейтін сыйақысыз борыштық міндеттемелердің кез келгенін шығаруға уәкілетті.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ХВҚ қаражатын оны сатып алу түрінде тартуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ХВҚ мүшелігіне қатысты қарарлардың және ХВҚ Келісімі баптарының шарттары мен ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының атынан ХВҚ-ға сомалар төлеп отыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ХВҚ Қарыз алу арнаулы құқықтары департаментінің қызметіне қатысуына байланысты төлемдерді жүзеге асыруға уәкілетті. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып басқа халықаралық ұйымдардан заемдар тартуға, заемдар тартудың қаржылық шарттарын айқындауға және осындай заемдар бойынша келісімдерді дербес жасасуға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ХВҚ Келісімінің баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының ХВҚ-ға мүшелігіне қажет болуы немесе сай келуі мүмкін басқаға берілмейтін сыйақысыз борыштық міндеттемелердің кез келгенін шығаруға уәкілетті.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.10.2017 № 103-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **3-бап. Халықаралық ұйымдармен қатынас жасасуға уәкілетті мемлекеттік органдар**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ХҚДБ Келісімі Баптарының 2-бөлімі III бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы органы ретінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ХҚДБ, АИИБ келісімдері баптарының, ЕҚДБ-ны, АДБ-ны құру туралы келісімдердің, ТИҚ-ты құру туралы келісімнің, ИДБ Құрылтай шартының ережелерінде көзделген барлық операциялар мен мәмілелерді Қазақстан Республикасының атынан орындауға уәкілетті.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ХВҚ Келісімі Баптарының 1-бөлімі V бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы органы ретінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ХВҚ Келісімі Баптарының ережелерінде көзделген барлық операциялар мен мәмілелерді Қазақстан Республикасының атынан орындауға уәкілетті.

3. ХҚК Келісімі Баптарының 10-бөлімі IV бабының, ХДҚ Келісімі Баптарының 10-бөлімі VI бабының, ИККА-ны құру туралы конвенцияның 38-бабы V тарауының, ЕҚДБ-ны құру туралы келісімнің 34-бабы VI тарауының, АДБ-ны құру туралы келісімнің 38-бабы VI бөлімінің талаптарына сәйкес – Қаржы министрлігі, ИДБ Құрылтай шартының 40-бабы V бөлімінің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын лауазымды адам, АИИБ Келісімі Баптарының 33-бабы VI тарауының, ТИҚ-ты құру туралы келісімнің IV тарауы 15-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тиісті ресми орган Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық ұйымдармен байланыс арнасы ретінде айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі келісімдердің тиісті баптарына, құру туралы келісімдерге, конвенцияларға немесе Құрылтай шартына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы түріндегі барлық авуарлардың, сондай-ақ ХВҚ-ның, ХҚДБ-ның, ХҚК-ның, ХДҚ-ның, ИККА-ның, ЕҚДБ-ның, АДБ-ның, ИДБ-ның, АИИБ-ның, ТИҚ-тың басқа да активтерінің депозитарийі ретінде тағайындалады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі ХВҚ-ның, ХҚДБ-ның, ХҚК-ның, ХДҚ-ның, ИККА-ның, ЕҚДБ-ның, АДБ-ның, ИДБ-ның, АИИБ-ның, ТИҚ-тың басқарушылар

кеңестеріне, ИДРХО-ның Әкімшілік кеңесіне Қазақстан Республикасының атынан міндеттерді орындау үшін тиісті лауазымды адамды Қазақстан Республикасының өкілі (Басқарушы) ретінде, сондай-ақ Басқарушы болмаған кезде, міндеттерін орындау үшін барлық өкілеттіктер берілген оның орынбасарын тағайындауға уәкілетті.

**Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 103-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **4-бап. Халықаралық ұйымдардағы мүшелікке байланысты операцияларды жүзеге асыру**

ХВҚ, ХҚДБ, ХҚК, ХДҚ, АИИБ келісімдері баптарының, ИККА-ны құру туралы конвенцияның, ЕҚДБ-ны, АДБ-ны құру туралы келісімдердің, ТИҚ-ты құру туралы келісімнің, ИДБ Құрылтай шартының ережелерінде көзделген операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы төлеуге немесе Қазақстан Республикасына төленуге жататын сомалардың аударылуы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 103-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **5-бап. Қазақстан Республикасының ХВҚ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ХВҚ-мен ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының ХВҚ-мен өзара қатынастарын дамытуды қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының ХВҚ-ға мүшелігіне байланысты Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындаған кезде туындайтын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп қажетті шаралар қолданады.

#### **6-бап. Мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары осы Заңның 1-бабының 2-тармағында көзделген келісімдердің баптарын, Құрылтай шартын, конвенцияларды, құру туралы келісімдерді және қарарларды сақтау мақсатында өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау үшін қажетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК